

Ақсу қаласы Сольветка селосының бағыныштылығын өзгерту туралы

Павлодар облыстық мәслихаты мен Павлодар облысы әкімінің шешімі (II сайланған VII сессия) 2000 жылғы 22 қыркүйектегі Павлодар облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 1 наурызда N 581 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Z934200_ "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Заңының 11 бабына сәйкес және Ақсу қалалық мәслихаты мен Ақсу қаласының әкімі берген материалдардың негізінде ШЕШІМ ЕТЕМІЗ:

1. Сольветка селосы Ақсу қаласы Қалқаман кентінің әкімшілік және

аумақтық бағыныштылығынан Ақсу қаласының Евгеньевка селосының әкімшілік және аумақтық бағыныштылығына берілсін.

2. Мыналардың:

Сольветка селосының аумағы қосылып, Евгеньевка селосының шекарасы;

Сольветка селосының аумағы алынып, Қалқаман кентінің шекарасы өзгертілсін.

3. Евгеньевка селосы орталық болып, құрамында Евгеньевка және Сольветка елді мекендері кіретін Евгеньевка селолық округі құрылсын.

4. Осы шешім Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізілсін.

Облыстық мәслихат Павлодар облысының әкімі
сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың
хатшысы

оқығандар: А.Татарков
В.Подольян

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК